

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 24 ақпан N 286

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен;**

2) "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің "Денсаулық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 қыркүйектегі N 1364 Р991364\_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 46, 423-құжат):

қаулының атауы мен мәтініндегі "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің", "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің", "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің "Медициналық қызмет көрсетулерге ақы төлеу жөніндегі орталығы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі "Денсаулық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына (бұдан әрі - Кәсіпорын) қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын";

2 - т а р м а қ т а :

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"денсаулық сақтау саласындағы реформалардың ақпараттық ілеспесі";

төртінші абзац алынып тасталсын.

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1852 Р 9 9 1 8 5 2 \_ қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің карауындағы ұйымдардың тізбесінде:

25 - тармақ алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 65-тармақпен толықтырылсын:

"65. "Денсаулық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны".  
Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.  
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК